

A.A. АМАНГЕЛДІ

I.ЕСЕНБЕРЛИН ШЫГАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫҒА ҚАТЫСТЫ КӘСІБИ ЛЕКСИКА («КӨШПЕНДІЛЕР» ТАРИХИ ТРИЛОГИЯСЫ БОЙЫНША)

Мал шаруашылығы ерте заманда ата-бабалары-мыздың тіршілігінің тірегі, күнкөрістің негізгі көзі болды. Ал тіл – сол шаруашылықты жүргізетін қауымның ең негізгі қатынас құралы. Демек, қай тілдің болмасын сөздік қоры сол елдің шаруашылығына біршама тәуелді болары сөзсіз. Қоғам дамып, халықтың дүнистанымы өзгеріп, кейбір сөздер қолданыстан шығып қалса, керісінше өмірдің ағымына сай жана сөздер пайда болып, қалыптасып, мағынасы дамып, өзгеріп тұрады, яғни, тіл үнемі даму, қозғалыс үстінде болатыны белгілі. Қоғам өміріндегі барлық өзгеріс, жаналықтар этностын тілінде өз ізін, таңбасын қалдырады. Қазақ халықының қоғамдық-элеуметтік өмірінде жылқының маңызы ете зор болды. Көшпендер өмір салтын ұстап-нған ата-бабаларымыз үшін жылқы – қозғалыс көзі, өмір сүру, тіршілік ету формасы болатын. Соңдықтан да қазақ тілінде жылқыға байланысты туындалап, қалыптасқан, сөздік корымыздың ең күнарлы, ең байырғы қабаттарының бірі болып саналатын кәсіби сөздер біршама. Бұл атаулар ғасырлар бойы белсенді қолданыста болып, уақыттың қатал тезінен, сұрыптауынан өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа ауы-сып, біздерге жетті.

Белгілі қalamгер I.Есенберлиннің шығармаларында, әсіресе, тарихи романдарында жылқыға қатысты мәліметтер ете көп кездеседі. I.Есенберлиннің “Көшпендер” тарихи трилогиясында жылқыға қатысты жалпы мәліметтер ете көп. Сонымен бірге жылқы маңына қатысты кәсіби сөздер де молынан қамтылған. Бұл түсінікті де. Өйткені жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп, мал баққан далалықтар үшін жылқының маңызы ете зор болатын. Мінse – көлік, ішсе – сусын, жесе – тамақ болған жылқының орны белек болған. Ат үстінен ұйқы алған жаугершілік заманда елдің ішкі, сыртқы саясатын реттеу, азаттығын сактап қалу сияқты ірі мемлекеттік мәселелердің шешімін табуы атты әскерсіз мүмкін емес еді. Сыртқы жаудан қорғану, келешек ұрпақтарға ата-бабадан мирас болып келе жатқан ұлы даланы бөлшектемей аманат ету үшін жауынгер халыққа тек түгі бар жүрек, куатты білек қана емес, жауынан қашса – құтылып, куса – жететін, төзімді, белді әрі жүрдек жылқы ауадай қажет еді. Ұшықыры жок ұлан даланы мекендейген казақ сияқты

аз ғана халық үшін жылқының маңызының қанша-лықты болғаны I.Есенберлиннің “Көшпендер” тарихи трилогиясының оқиғалар желісінен де байка-лып отырады.

Жылқы маңына байланысты кәсіби сөздерге: *ертоқым, ат көрпе, ат дорба, ат жасабу, ат-ұлттан, ат арба, ат-тұрман* т.с.с. сөздер жатады. Романда жылқыға қатысты кәсіби сөздер өте көп қамтылған. Жылқыға байланысты кәсіби сөздерді өз ішінде шағын топшаларға бөліп қарастыруға болады, мәселең, 1) кәсіп иелерінің атаулары, 2) ер-тұрман атаулары, 3) жылқыны бағуға, сынауға, баптауға қатысты сөздер.

Жылқыға қатысты кәсіп иелерінің төмөнде-гідей атаулары бар: *атпаз, атсейіс, атқагар, атбапши, жылқышы, биеші, атшы, атбекі, атқосшы, шабандоз, бапкер, сыйткер, сабадар*.

Осы топшадағы бапкер сөзінің мағынасы кейіннен кеңейіп, жаңа мәнде қолданылатын болды. Ертеде бапкер деп жүйрік атты, бүркітті баптап, бабына келтіретін, жарататын адамдарды атаса, қазіргі уақытта бұл сөз спорт терминіне айналып, қосымша мәнге ие болып, тренер, яғни спортшыны жарыска дайындаушы (баптаушы) деген мағынада қолданылатын болды.

Аталмыш топқа қатысты сабадар сөзінің мағынасын қазірде біреу түсінсе, біреу түсінбеуі мүмкін, ейткені заман ағымына қарай, ғылым мен техниканың дамуына байланысты көліктің міндеттін техника атқаратын болды. Сол сияқты мынды айдалап, саба-саба қымыз сапыратын байлар да жок. Соған байланысты қазір сабадар сөзі де қолданыстан шығып қалды. Бұл лексемадағы саба сөзінің мағынасы, эрине, көпшілікке түсінікті. Ал – дар қосымшасының беретін мағиналарына тоқталатын болсақ, біріншіден, ол профессор Б.О.Орзубаевың айтуынша, “ұстаушы, иеленуші” дегенді білдіреді. Зерттеуші аталған қосымшаны иран тілінің *даштән* “держать, обладать” сөзімен байланыстырады. Демек, бұл пікірге сүйенсек, сабадар лексемасының мағынасы “саба ұстаушы, яғни аста, жынтойда қымыз жағын басқарушы” дегенге саяды.

“Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде” (1989) бұл қосымшаның екінші мағынасы жөнінде авторлар “тілімізде әдетте кішірейту мағынасын

білдіретін -ша (-ше) тұлғалығымен синонимдескен” дей келе төмөндегідей мысал келті-реді: *Екі кежеке-дарды қосқанда бір қазан ет болады* (Ж.Қосыбаев) [1;135]. Бұл мағынаның, біздің ойымызша, сабадар сөзіне қатысы жоқ. Себебі, сабадар лексемасында кішірейту мәні жоқ. Енде, -дар қосымшасы “ұсташы, иеленуші”, яғни “жауапкер” (жауап беруші, жауапты) деген мағына үстеп тұр.

Жазушы I.Есенберлиннің “Көшпендер” трилогиясында жылқы малына байланысты кәсіп иелерінің атаулары үнемі кездесіп отырады. Өйт-кені ұзақ сапарға, жортуылдарға шығу үшін сарбаздардың аттары барлығып шаба алмайтын тым семіз де емес, ұзак шабынса жарамайтын тым арық та емес, бабында болуы тиіс. Сонымен бірге сарбаздардың ер-тоқымдары, әбзелдері де мықты, сенімді болуы тиіс. Қысқасы, ат-тұрмандары сай эскер – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етүге қажетті шарттардың бірі еді. Мұны Тәуке хан мен оның билері шығарған зандар жиыны – “Жеті жарғы” да растайды. Мұнда біреудің өредегі атын рұқсатсыз алған адамға өлім жазасы кесіледі де-лінген. Бұл бап ережеге – “ат – ер қанаты”, соғыс құралы болғандықтан енгізілген.

Романда кәсіп иелерінің атаулары да, ер-тұрман атаулары да, жылқыны бағуға, сынауға, баптауга қатысты сөздер де жеткілікті. Мәселен, кәсіп иелерінің атауларынан жылқышы, атбегі, атұлтант, құрықышы, ат сыншысы, атқосышы тәріз-ді сөздер кездеседі. Романнан мысалдар кел-тірейік.

Тек түске дейін ұдайы шатса тері ғана шығатын Жәнібектің көкбуырылы ғана алі тың еді. Атбегі әбден жаратқан еken, қабақ қақсанша жолдастарынан ұзап кетті [2;321].

Сонда, қос басы, он көкжас қасқырды бір күнде жалғыз өзі түсіретін әйгілі аңшы және ат-пап батыр жылқышы Орақпен кездескен [2;71].

Шабыттанған шақтағы жыраудың мұнданай әдетіне қанық есік алдында тұрган атқосышы жігіт домбыраны жерге түсірмей қағып алды [2;500].

Галым Б.Қалиұлы ...атбегі (ат сыншысы) мен сайынкер (атты бабына келтіруші, атжабдықтаушы), атсайыс (ат жарысы, бәйге) пен атпаз (атты жақсы көретін адам)... деген сиякты сөздерді саралап қолдансақ деген ұсыныс айтады. Және де бәйге (ат жарыс) – бәйгі (жұлде, сыйлық)... т.б. осы сияктылар да бір мағынаны білдіретін фонетикалық вариантар емес, көптеген зерттеу-шілер айтып жүргенідей жеке-жеке мағынасы бар лексикалық сөздер екендігіне көз жеткізу қын болmas еді, – дейді ғалым, – біз сөздердің мағыналық жағынан

саралануы дегендерден қашпауымыз керек. Бұдан тілімізге келер зиян жоқ. Қайта көрісінше, лексикамыз молайып, тілдік қорымыз байи түседі [7; 37,38], – деп түйіндейді.

Атжанды халық болғандықтан, қазақ тілінде ертұрман атаулары да көптеген кездеседі. Ер-тұрманың әрбір бөлшегі атқұмар халықтың көзінен таса қалмай, белгілі атауға ие болған. С.Қасимановтың “Қазақ халқының қолөнері” [4] атты еңбегінен ертұрман атаулары, оларды қалай жасау керек, неден жасау керек деген сауалдарға жауап табуға болады.

Ат-тұрман атауларына *ер, тоқым, тебінгі тоқым, ішпек, ішкілік, терлік, айыл, шап айыл, тос айыл, кер айыл, құр айыл, тартпа айыл, алдыңғы айыл, жүсін, жырым, ауыздық, тізгін, қос тізгін, жақтау, желкелік, сағалдырық, кекілдік, кеңсірік, сұлық, шауежай* т.т. жатады.

Трилогияда ең жікі қолданылатын осы ер-тоқым, әбзелдер атаулары. Жаугершілік заманында ат-тұрманы сай жауынгер ерекше құрметке ие еді. Осы атқа қажетті құрал-жабдықтарды түгендеп сайлау үшін, әрине, сарбазға құрал-жабдықтардың атауларын ғана емес, олардың құрамадас бөлшектерінің де атауларын білуі шарт. Шығармада атқа қажетті құрал-жабдықтар мен олардың бөлшектерінің атаулары да молынан қамтылған. Романнан мысалдар келтірейік.

Әсіресе ортада келе жатқан, бүкіл Дағыті Қыт-шақ жеріне әйгілі, “Ортеке” деп ат қойылған күлсары сайгұлік мінген жасас әйел таңғажайып салтанатымен анадаідан-ақ қоздің жасауын алады. Астындағы сайгұлік жүйрігінің ат-әбзелі, жүсін-құйысқаны, омілдірігі – барі сары алтынмен атталған [2;19].

– Ал сендер сарбаздарға жетіңдер. Белдеріне баілған аттардың шылбырларын кесіңдер, ер-тоқымдарының оң үзенгілерін шешіп алыңдар! [2;18].

Осы топшага қатысты ер-тоқым, ат-тұрман лексемалары жинақтаушы мәнде жұмсалады. Ер-тоқым деп атқа мініп-тұсуге лайықталған, ер-тоқымды ат үстіне бекітетін бүкіл тұрманы толық, атқа ерттей салып, айылын тартқан соң, міне жөнелуге дайын тұрған тас түйін жабдықты айтатын болса, ал ат-тұрман лексемасы аттың “ер-тұрманға”, “айыл-тұрманға” жататын барлық жабдық тобы деген мағынада жұмсалады. Демек, ат-тұрман лексемасының мағынасы ер-тоқым дегеннен гөрі көнірек ұғымды қамтиды. Яғни ат-тұрманға ер-тоқыммен қоса айыл-тұрмандар (бау-лар, тартпалар, белдіктер т.с.с.) атаулары қоса енеді. Ер-тоқым – жалпы атау,

оның құрамас бөліктері: ер, тоқым. Тоқым ұғымына – тебінгі тоқым, ішпек, ішкілік, терлік сиякты төсөніш жабдықтар кіреді. Ал ер деп атқа салт мінү үшін ағаштан, темірден, киізден жасалған жабдықты, ердің қанқасын атайды.

Айыл-тұрман атауларына: *айыл, шап айыл, төс айыл, кер айыл, құр айыл, тартта айыл, алдыңғы айыл, жырым* т.б. жатады. Қайыстан, құрдан, былғарыдан жасалған, ер-тоқымды ат үстіне бекітіп тұратын, аттың бауырынан орай тартылатын жалпак тартпа бау айыл деп аталады. Шап айыл – бұл ердің арт жақ қасының астынан тағатын айыл. Оны кейде артқы айыл деп те атайды. Ал ердің үстінен бастыра тартатын тұтас тес айыл – кер айыл делінеді.

Жұген – мініп-түсетін, артып-тартатын, жегілетін жылқының басына кигізлетін ауыздығы бар тұрман. Жұген ат басын тілеген жаққа бағыттауға, тілеген сәтте атты тоқтатуға қажет. Оның ауыздық, *тізгін, қос тізгін, жақтау, жел-келік сағалдырық, кекілдік, кеңсірік, сулық, шаужай* атты құрамас бөліктері бар. Ал бұлардан басқа жасалған материала на қарай қайыс жұген, құр жұген, өрме жұген, былғары жұген, тұймек жұген, шытырмалы жұген, күміс жұген сиякты тұрлары бар. Жылқының жұгені, ауыздығы, тізгіні, түйенін бұйдасы, сиырдың мұрындығы сиякты малшы құралдарының атқаратын қызметі біреу – малды бағындыру. Қазақтар тында-май кетті, бағынбады, тәрбиесіз деудің орнына жұгенсіз кетті, жұгенсіздік деген тәрізді сөздерді қолдана береді.

Жылқыға қатысты оны бағуға, сынауға, баптауға қатысты сөздерге: *қаңтару, тұсау, күзеу, жарату, баптау, мама ағаш, қамишы, құрық, шалма* т.с.с. жатады.

Бұл топшаға енетін сөздерді “нағыз кәсіби сөздер” десе де болады. Бұлар тікелей жылқы ма-лын күтіп-баптауға, бәйге атын сынауға, жаратуға қатысты пайда болып, қалыптасқан сөздер. Бұл топшаны: 1) жылқыны күтуге, бағуға қатысты ұғымдарды білдіретін сөздер, 2) жылқының дене мүшелерінің атаулары, 3) бәйге атының белгісін, сынын сипаттайтын сөздер, 4) бәйге атын жаратуда қолданылатын сөздер деп жіктеуге болады.

Қазакта жылқыны жігіттің жігіті ғана бағады деген сөз бар. Өйткені жылқы жатын малына сана-майды. Әсіресе, қазакы жылқы тебінге үйрен-ген жануар. Қорада тұrsa, оның алдынан жем-шөп үзілмеуі керек, себебі, жылқы күйіс қайтармайды. Сол себепті және де жылқы малы сұыққа төзімді болғандықтан жылқышылар оны үйрелеп қоста жа-тып бағады.

Жазғытұры жылқы құзеледі. Құнан, байтал, жабағы тайдың жал-құйрығы құзеледі. Олардың

үшеуінің құзелуі үш түрлі. Байтал мен құнанның кекілі мен құйрығы екі түрлі құзеледі, ал екеуінің де жалын түбінен сыйыра қүзеп, шоқтықтың алдынғы жағынан (жалдың біткен жерінен) бір тұтам қалдырады. Атқа мінерде кісі аяғын үзен-гіге салған соң, сол қолымен содан ұстап, он қолымен ердің қасынан ұстап көтеріледі. “Ат жалын тартып мінді” деген сөздің осыдан шығуы мүмкін. Ал жабағының жал-құйрығын, кекілін шұнтитып сыйыра қуздайді [5;7].

Романда жылқының қуземі де назардан тыс қалмайды. *Білдіга қарай ентелей құлаган көштің бір бүйірінен, жасал-құйрығы қузеулі тайга мінген, екі бүйірін таянып алып, “Елім-ай” әнін салған он төрт-он бес жасар қара торы қызы бала көрінді* [3;14].

Жылқыны бағуға, сынауға, баптауға қатысты сөздер де трилогияда аз кездеспейді. Мысалы, *Тек қаңтарын қойған ер басынан тізгінін алып, аяғын үзен-гіге сала беріп, баласы Қалден Церенге: –Хоча қазақ қызын өлтіріңдер дегенде, өлтіртпей тірі алып қалған Меркіт жігіттері бірі қалмай осы арада ажасал тапсын!* – деді [2;352].

Бұқар ай тұғаниша қозінің шырымын ала тұрмақ бол, атын тұсан тастап, ерін жастық, тоқымын тосек етіп, сексеуілдің түбіне қисая кетті [2;380].

Сол-ақ екен, орда қасындағы кепкен қарынмен кернелген тай қазандай қос дабылды екі жігіт оқтаудай жұмыр таяқпен қос қолдан ұра бастады. Жаугершілік заман, жауға шабатын жігіттердің аттары белдеуде тұрған. Біразы жақын маңда шідерлеулі жайылып жүрген [2;491].

Жылқыны бағуға, сынауға, баптауға қатысты сөздер топшасына, сондай-ақ, жылқыны байлауға, ұстауға, басқаруға, үйретуге т.б. арналған құрал-жабдық атаулары да енеді. Олар: *керме, желі, мама ағаш, қамишы, құрық, шалма, күнде, тұсамыс, ат дорба, қос, шідер*.

Керме, желі, шалма, күнде, тұсамыс, шідер тәрізді сөздер жылқыны (құлынды, биені) байларап коюға, ауыл манында байларап ұстауға арналған заттардың атаулары. Аталған топқа қатысты мама ағаш деген сөз бар. Мама бие деп қазақ көп құлындаған, етесүті биені айтады. Оның сүтін құлыны еміп тауыса алмайды, құлыны еміп болғаннан кейін, көп уақыт өтпей исініп тұрады. Оны қазақ қиелі мал сана-п, тұлік басы деп қастерлейді. Ал мама ағаш сөзінің мағынасы – “ат байлауға арналған керте. Аста, тойда көп адам атпен келіп түсетін жерге ағаштан керте жасап, яғни биіктеу екі мықты қада қағылып, сол екі қаданың арасы жоғары жағынан

ұзынша сырғауылмен қосылады. Ол керегінше бір ғана емес, бірнешеу де болуы мүмкін. Кейбір бай ауылдар жәй күндері де мама ағаш орнататын болған. Сондай-ақ кемеліне келген, жайқалып жақсы өсken, мәуелі жеміс ағашын да, мама ағаш дейді” [6]. Ал мамы – қыргыз тілінде “багана”, “қада” деген мағынада қолданылады. Ал оны қазақтар кейде атағаш, атбайлағыш деп те атайдар.

Жылқы байлайтын мама ағашты ертеректегі түркілерде мифологиялық таным бойынша “алтын қазық” деп атаған. Ертеректе үй егесі мама ағашты көшкенде тастамастан алғып жүрген. Оны кейбір дәүләтті тасқандар тіпті дәріппеп, құміспен құптең төңкіткен болған. Бұдан көшпенділердің жылқы түлігіне табынушылығымен коса, мама ағаштың құтберекенің түп қазығы атрибутын атқарғандығы белгілі болды [8;67].

Жылқыны басқаруға, бағындыруға, асau үйретуге қажетті құрал атауларына: *шалма, қыл арқан, қамши, қурық т.с.с.* жатады. Қамши деп қайыстан өрген, тобылғы сапты, көлік жүргізу үшін пайдаланылатын құралды айтады.

Қамшының өрілуіне, сабының неден жаса-луына қарай түрліше атаулары бар: *бұзау тіс, дойыр (дұр), дырау, тобырышық қамши, шыбыртқы, төрттаспа, тобылғы сапты қамши т.с.с.*

Ол атын *оинатып* Абзal ақсақалдың қасына жетіп барды да, мүсіндей қозгалмай түрган ел ағасын *бұзау тісті*, қорғасын бауырлы тобылғы қамшысымен дәл басынан тартып-тартып жіберди [3;21].

Қамшыны қазақ халқы тек шаруашылық құралы деп қарамайды, оны ер қаруы деп біледі. Қазак ұғымында қамшының аткарап қызметтері, символикалық мәні өте зор. Қамшыны сыйға тартқанда қазақ қолдың қаттылығы, жұмсақтығы немесе береке бірге кетпесін, ұшығы жерде қалсын деп жерге таставиды.

Ел іші бүлініп, араздық, даудың арты жауласуға дейін баратын кездерде жаушылардың төрге қамшысын ала шығатын кездері болады. Бұл – жақсылықтың нышаны емес, қазақ жайшылықта қамши ұстап төрге шықпайды. Бұл дөнайбат, сес көрсетуді білдіреді, жайшылықта қамши ұстап төрге озу ерсі қылық саналады.

Ертеде билер кеңесінде, ірі дауларды шешу кезінде сөз алу үшін қамшысын алға таставын болған. Бұл дәстүр “қамши тастау” деп аталады. I. Есенберлиннің “Көшпенділер” тарихи трило-гиясында осы дәстүр туралы төмендегідей деректер келтіріледі:

Сөз астарын түсінген қызба мінезділеу Темір

би сөз таластырғысы келіп кетіп, ежелгі дәстүр бойынша, айыр тісті, алтын сыммен оралған тобылғы сапты қамишысын алдына тастай салды [2;204].

– *Мә, менің қамишым... Жауап қайырмайтын болса алдарына таста да, өзің кейін шат!* [3;567].

Богенбай қамишысын алдына тастай салды да, енді Абылайға бұрылды [2;553].

Қамши ұстаудың түрлі ишара белгі білдіретін мәні болған. Егер үйге келген адам қамшысын босаға қалдырmasa, жәй келмегені, білеп қолына қатты ұстаса – онда дауласып, жанжалдасуға келгені де, ...егер қамшыны төрге алғып шығып, ортаға тастаса – көпке созылған жанжалдан шаршап, бітімге келейік, қашанғы созамыз дегенді білдіргені екен, кірісімен қамшысын тастамастан жамбасының астына салып отырса, дауға келдім деген ишарасы екен [8;67-68].

Қамши ұстаудың өз этикеті бар: жаяу адам қамшыны бүктеп ұстаса, ал салт атты оны оң қолының білегіне іліп, сол қолымен аттын тізгінің ұстауға тиіс. Тіпті атты қамшылаудың да өз жөні бар, сәні бар. Оны жазушы романда шебер пайдаланады: *Рабиу-Сұлтан-Бегімдегі ерекше салтанатымен емес, Жаған өз келбетімен, жасасынан ат құлагында ойнат* өсken көшпелі елдің қызы екенін көрсетіп түрган ерекше отырысымен, қамшыны сипай тартқан болмысымен көздің жауын алады [2;20].

Жалпы қазақ дуниетанымында қамши түрлі символикалық мәнге ие. Бойжеткен қызға құда түсуге келген адамдар ертеректе қыз үйінің төріне қамшысын іліп кететін. Бұл – қыз енді біздікі, біздін болашақ келініміз дегенді білдірген. Кейде жігіт жақтым ұзак хабар-ошарсыз жатып алса, қыз әкесі қамшыны иесіне қайтарып жіберетін. Бұл дәстүр қамши қайтару деп аталады. Қазақтардың беташарда келіннің бетін ақ желегіне қол тигізбей қамшының сабымен немесе домбырамен ашу, сол сияқты аяғы ауыр әйел босанатын үйдің төріне қамши ілу, ауру адамды қамшымен ұрып емдеу тәрізді дәстүрлері мен ырым-тыйымдары қамшыны киелі санап, жынсайттаннан сактайтын дәп түсінгендерден пайда болған. Сол сияқты ер адамдарға әйелінің қазасын қамшының сабы сынды деген сөздермен білдірген. Кейзерттеушілердің бұл естірту мен жұбатуды қамшының сабы сынса, ауыстырарсың, әйелің өлссе, басқасын аларсың деп түсіндіруі, біздіңше, дұрыс емес, қамши – жолаушының жылқыдан өзге жалғыз жол серігі, жылқыны басқаратын, дұрыс бағытқа жол сілтеп отыратын қурал. Ендеше, қамшының сабы сыну немесе айырылу – өмір серігінен айырылдың, ақылшынан айырылдың дегенге мензесе ке-

рек.

Корыта келе, I. Есенберлиннің “Көшпендерділер” тарихи трилогиясында жылқыға қатысты көсіби лексика молынан қамтылған. Бұны “Көшпендердін” жанрымен байланысты дер едік. Роман-ға арқау болып отырған тарихи кезең көшпенді өмір салтын ұстанған қазақ халқының өмір-тарихындағы ең қын, қауіп-кательге толы, жаугершілік заман болғандықтан ел мен жердің азаттығын қорғап қалу жылқысыз, атты әскерсіз мүмкін емес болатын. Ал барлық ат-әбзелі, ер-тұрманы сай әскер женіске бастар бір көздей еді. Бұл жағдай романда жылқыға қатысты көсіби лексиканың мол қамтылуына жол ашқан. Сонымен бірге көшпенді ата-бабаларымыздың жылқымен біте қайнасқан өмірін бейбіт заманда да ішсе – сусын, жесе – тамак, мінсе – көлік болған жылқысыз елестету қын. Сол себептен де романда жылқыға қатысты көсіби лексиканың болмауы мүмкін емес.

ӘДЕБІЕТ

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1989. 368 б.

2. Есенберлин I. Көшпендерділер. Тарихи трилогия. Алматы: Жазушы, 1986. Он томдық шығармалар жинағы. 6 том. 1-2 кітап. 600 б.

3. Есенберлин I. Көшпендерділер. Тарихи трилогия. Алматы: Жазушы, 1986. Он томдық шығармалар жинағы. 7 том. 3 кітап. 328 б.

4. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995. 240 б.

5. Қазыбеков Н. Даға өрнектері. Этнографиялық сипаттамалар. Алматы: Балауса, 1994. 128 б.

6. Шукірұлы С. “Мама” кімнің сөзі? // Ана тілі, 2002. №11, 14-наурыз, 6 б.

7. Қалиев Б. Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері (Мақалалар жинағы). Алматы: Даик-пресс, 1997. 150 б.

8. Токтабай А., Сейітқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. Алматы, 2005. 192 б.